

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.126-129

ЕЛІМІЗДЕГІ АЗЫҚТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ МАЛ АЗЫҒЫ БАЗАСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Курбанбаев А.И.

Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында сүтті-етті бағыттағы ІҚМ қорада ұстау кезеңінде, оларға азықтық құндылығы жоғары мал азығын дайындау. Сүтті және етті мал шаруашылығында оның ішінде қысқы қорада ұстау кезеңінде әр түрлі мал азығының құрамындағы азықтық құндылыққа қарай отырып, пішен, шөп ұны, түйіршікті жемді жетілдіру мақсатында солтүстік Қазақстанның құрғақ дала аймағының климаттық жағдайларына бейімделген дәнді жемазықтық дақылдары өсіріліп, зерттеледі.

Елбасымыз биылғы Жолдауында аграрлық секторда айтқаны: өнімнің өңдеу сапасын жақсартып, тауарларды сақтаудың, тасымалдаудың және өткізудің тиімді жүйесін құру қажеттігі [1]. Осыған байланысты 2017-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту мемлекеттік бағдарламасындағы өсімдік шаруашылығының басты мәселелердің бірі ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді тиімсіз пайдалануы [9].

Елімізде саны қарқынды өсіп келе жатқан ауылшаруашылық малдарына қажетті тұрақты жемшөп қорын жасауда шалғындар мен жайылымдарды тиімді пайдаланумен қатар мал азықтық дақылдар егісін ұлғайту және жемшөп сапасын арттырудың маңызы зор.(2) Азықтық құндылығы жоғары мал азығы базасын жасау еліміздегі мал азығын өндіру саласының өзекті мәселесі. Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында сүтті-етті бағыттағы ІҚМ қорада ұстау кезеңінде, оларға азықтық құндылығы жоғары мал азығын дайындау өзекті мәселе болып табылады.

Мал шаруашылығын дамытудың маңызды тетіктерінің бірі – жемшөп мәселесін жолға қою.Бүгінде жемшөп өндірісінің даму қарқыны мал шаруашылығының сұранысын қанағаттандыра алмайды және болашақта мал өнімдерін қарқынды өндіруді тежеуі мүмкін. Жоғары сапалы жем өндіруге қажетті жер мен биотабиғаттық мүмкіндік бізде мол. Бүкіл әлемде азық-түлік ретінде мал өнімдерін пайдалану көрсеткіші қоғамның даму жағдайының деңгейін көрсетеді. Мал өнімін өндіру көлемі мен оның сапасы жемшөп шаруашылығының даму дәрежесіне тығыз байланысты. [3].

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту мемлекеттік бағдарламасындағы өсімдік шаруашылығының тағы бір басты мәселелердің бірі қолданылатын технологиялардың, стандарттар, сертификаттау жүйесі

және сапаны басқарудың талаптарға сәйкес келмеу [9]. Сапалы мал өнімін өндіру және осы саланы дамыту өңірде өндірілетін барлық мал азықтық дақылдардың құндылығын құрамына таңдап алған жөн. Сүтті және етті мал шаруашылығында оның ішінде қысқы қорада ұстау кезеңінде балаусадан жасалынған жемшөптің маңызы зор. Өйткені бүгінгі таңда мал азықтық құндылығы жоғары жем өндіру толық шешімін таппай отыр. Жемшөп өндірісін дамыту үшін мал азықтық дақылдарына құрамындағы құнарлылығына, ондағы ақуыздың және қорытылатын протеин жемнің маңызды көзі болып табылады. Жемшөп өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін біржылдық шөптерден құнарлылығына қарап мал азықтық шөптерді іріктеп алуымыз қажет. Атап өтер болсақ асбұршақ, пайза, құмай, жүгері, арпа, африкалық тары, судан шөбі сол сияқтыларды іріктеп алғанымыз жөн. Мысалы асбұршақ еліміздегі негізгі дәнді-бұршақ дақылы. Оның азық-түліктік, мал азығындық және агротехникалық маңызы өте зор. Бұршақтағы - ақуыз мөлшері жоғары, бағалы дән бұршақты дақыл. Бұршақ дәнінде орта есеппен 28% ақуыз, 50%-тен астам крахмал, көптеген дәрумендер (А, В1, В2, С) болады. Бұршақтың мал азығында зор маңызы бар. Бұршақ тұқымының 1 килограммында орта есеппен 195-240-қа, дейін сіңімді протеин және 1-17 азық өлшемі, 1 кг бұршақ сабанында 25 г белок және 0,13 азық өлшемі, ал 1 кг көк балаусасында 0,23 азық өлшемі және 31 г белок болады. (4) Ал, сүт түзуіне өсімдік ақуызының маңызы зор. Сүтті сиыр әрбір 40 кг мал азығынан 2-2,4 кг ақуыз бөлсе, ал етті малдар бордақылаған мезгілде тек қана 400 г. ақуыз бөледі. Мал азықтық дақылдардың бірі - Пайза.

Пайза Үндістан, Қытай, Корея және Жапония астық және малазықтық мақсатында өсірілетін дақыл. Пайза жасыл балаусасы - пішен, сүрлем, шөп, дәрумендер және шөп ұн қабылдау үшін жақсы шикізат. Бұрынғы КСРО-да ХХ ғасырдың басында пайда болды. [4] Ресейде пайза дақылы 25 мыңнан гектардан кем себілмейді. Жыл сайын пайза алқаптары Украинада да ұлғайып келеді. 2004 жылы 12 гектар эксперименттік негізде себілген болса, ал 2007 жылы 250 га орын алды. Бір жылдық мал азықтық дақыл ретінде өсіріледі. АҚШ –та мал азығы ретінде өсіріліп одан жылына 8 рет өнім алады. Көк балаусасынан 400-600 ц/га ал, пішенінен 150 ц/га немесе 30 ц/га дән алынады. (5) Пайза өсімдігінің 100 кг көк балаусасында 12,5 а.ө. және 1,6 кг, ал пішенінде 60,5 және 6,9 қорытылғыш протеин болады (6). Арпа - үздік жарма жем, сіңімділігін және жалпы тағамдық құндылығы сұлы қарағанда жоғары. Арпа сиыр сүті салыстырмалы түрде тамақтандыруда жоғары сапалы дақыл. Арпа дақылында 100 кг-да 57 азықтық өлшем және 6 кг қортылғыш протеин бар. Арпаны пішенге масақтану сатысында орғанда оның құрамында 19% протеин 16% ақуыз, 3% май, 21% жасұнық, 9% күл және 47% азотсыз сығымды заттар болады. Судан шөбінің көк шөбінде 12,3% протеин 2,4% май. Пішендегі осы көрсеткіштер 12,5%-2,8%-ға тең. 100 кг көк балаусасында 17 , пішенінде 52 сүрлемінде 228 мал азықтық өлшем бар. Африкалық тары тропикалық аймақтарда өсетін, құрғақшылыққа және ыстыққа төзімді өсімдік. Мал азығы үшін өсірілген африкалық тарының көк майса шөбін жаз бойы 2-3 рет орып, малды азықтандыруға, дәндерінің сүт болып пісу мезгілінде сүрлем дайындауға, қысқы шөп ретінде және дәнге

пайдалануға болады. Соның ішінде ірі тауарлы сүт кешендеріндегі сауын ірі қара малдары үшін жасыл азықтың маңызы ерекше [7]. Жүгері мал азығы және басқа өнім түрлері үшін егіледі. Оның құрамында ақуыз, минералдар мен дәрумендерге бай. (бұршақ пішен, концентраттары және т.б.). Жүгері дақылы малдың тез семіруіне ықпал ететіндіктен өйткені құрамында май жоғары. Сондықтан, уатылған жүгері қорада ұстайтын мал үшін күніне 3-5 рет қажеттілігін аспауға тиіс. Құмайдың дақылының құрамы мен қоректік құны жүгеріге жақын, бірақ құмай ақуызға бай және майы аз болып табылады. [8] Осындай дақылдардың химиялық құрамындағы ақуыздың, майына азотсыз сығымды заттарға, және сол азықтық өлшемдерге мән бере отырып, ірі қара малдардан сүтті-етті өнім алу мақсатында егіп одан аралас әр түрлі жемшөп дайындау. Мысалы пішен, шөп ұнын және сол шөп ұнының құрамындағы ылғалдылықты анықтай отырып, одан түйіршік жасау болып табылады. Өсірілген аралас дәнді жемазықтық дақылдарынан екі мерзімде шабу жүргізілетін болады. Әр шабылған шөбіне, шөп ұнына ылғалдылығы мен химиялық талдаулар жасалынады.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі

Зерттеу жұмысы Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында, Астана қаласы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің тәжірибелік эксперименттер жүргізетін кампуста өтеді. Зерттеу жұмыстары агрономиялық стандартты әдістемесі бойынша жүргізіледі: В.Д. Доспехов далалық тәжірибе әдістемесі [10], ауылшаруашылық дақылдарын мемлекеттік сортсынау [11].

Зерттеу объектісі- асбұршақ, пайза, құмай, жүгері, арпа, африкалық тары, судан шөбі.

Зерттелетін тәжірибе 3 вариант, 4 қайталымнан тұрады. Бір мөлтекте 5 дақыл болса, тікбұрыш пішінді мөлтектің ұзындығы көлденеңінің 2-10 есе артық болуы тиіс [13]. Осығын байланысты әр дақылдың ауданы 2x5, ал аралас дақыл ауданын 5x10 яғни әр мөлтектің ауданы 50 м² тұрады.

Қазақстанда мал қорада тұратын кезең ұзақ- солтүстікте 7-8 айға, оңтүстік аудандарда 4-6 айға дейін, ал мұнда жазғы маусымда далалық жайылымдар шілденің алғашқы жартысында-ақ күйіп кетеді. Сондықтан жазғы кезеңге мал азығын жасыл балауса конвейері жүйесінде өндіру мұқтажы туады [12]. Қазіргі кезде көптеген мал азықтары бар. Дегенмен түйіршікті жемнің құрамындағы құндылығына аса мән берілмей келеді. Өртүрлі мал азығының құрамындағы азықтық құндылыққа қарай отырып, пішен, түйіршікті құрама жем, және шөп ұнын жетілдіру мақсатында солтістік Қазақстанның құрғақ дала аймағының климаттық жағдайларына бейімделген жемшөп дақылдары өсіріліп, зерттеледі. Бұл технологияны зерттеп, жетілдіру арқылы қорада ұстайтын мерзімдерінде ірі қара малдарды құнарлылығы жоғары пішендеме, шөп ұны және көк балауса түйіршектерімен қамтамасыз ету табылады. Сүтті-етті мақсатында өсіріліп жатқан малдардың қысқы мерзімде сүті өз мөлшерін және еті салмағын жоғалпайтын болады. Сонымен қатар көк балаусадан жасалынған түйіршіктер құнарлылығы жоғары әрі сақтауға және тасымалдауға ыңғайлы болмақ. Қазіргі нарықтық базар экономикасында дайын өнімді сатуда басты

мәселелердің бірі. Жетілдірілген өнім құнарлығы жоғары болғандықтан өтімді болады деп үміттенемін.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы халқына жолдауы 2017 жыл.
2. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы (пәнаралық)– 2015. - №1 (84). – Б.129-135
3. «Сейфуллин оқулары - 11: Жастар және ғылым» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения - 11: Молодежь и наука». – 2015. – Т.1, ч.2. – Б.21-22 Умирбекова Д.Ж.
4. Башинская А.С. Продуктивность пайзы в зависимости от основных элементов технологии возделования на черноземах саратовского побережья. Дисс... на соискание ученой степени кандидата с.х. наук. Саратов 2007.– 16 бет
5. Пайза // Сельское хозяйство. Большой энциклопедический словарь. — М: «Большая российская энциклопедия», 1998. — С. 656. — [ISBN 5-85270-263-3](#).
6. Әрінов Қ.К., Мұсынов Қ.М., Апушев А.Қ., Серікпаев Н.А., Шестакова Н.А., Арыстанғұлов С.С. Өсімдік шаруашылығы 119 бет.
7. [Вульф, 1969](#), 29 бет
8. Ғаламтор мәліметі/Опубликовано 30 Сентябрь 2012 в рубрике Основы скотоводства
9. 2017-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту мемлекеттік бағдарламасы
10. Доспехов Б.А. Методика опытного дела. 1985. – 12-89 бет
11. Методика проведения сортоиспытания сельскохозяйственных растений. Утверждена приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от «13» мая 2011 года № 06-2/254. – 81 бет.
12. Н.Можаев, Н.Серікпаев, Ғ.Стыбаев. «Мал азығын өндіру практикумы» Астана-2013., -11 бет
13. Р. Елешев, Т.Смағұлов, Ә.Балғабаев, Р.Рамазанова. «Агрохимиялық зерттеу-лер әдістемесі» Алматы 2014ж-59бет.